



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Сәуір 2024

2024 жылғы сәуірде жылдық инфляция 8,7%-ға дейін баяулады.

Қарақұмық жармасы, күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғанына байланысты өсімдік майы мен қарақұмық бағасы арзандай түсті. Жұмыртқа, жаңа піскен көкөніс бағасы, соның ішінде пияз, қияр, қызанақ пен картоп бағасы арзандағаны байқалады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың ішінде аудиовизуалды жабдықтар, электр құрылғылары, шыны бұйымдар мен ыдыс-аяқ бағасы өсті. Сонымен қатар, автокөлік пен тұрмыстық техниканың арзандағаны, сондай-ақ киім, жиһаз және тұрмыстық заттар мен кілем тоқуға арналған материалдардың қымбаттау қарқыны баяулағаны байқалады.


Ақылы қызметтердің ішінде реттелетін коммуналдық қызмет бағасы, демалыс, ойын-сауық және мәдениет қызметтері, шаштараз қызметінің бағасы өсе түсті. Сонымен қатар, теңге бағамының тұрақтылығы шетелдік туристік жолдамалар бағасының төмендеуіне ықпал етті. Сондай-ақ, өткен айда айтарлықтай өскен қонақүй мен қоғамдық тамақтандыру қызметі бағасының қарқыны баяулады.

2024 жылғы сәуірде жылдық инфляция баяулай түсіп, 8,7% болды (2024 жылғы наурызда – 9,1%). Бір айдағы баға өсімі 0,6%-ға (0,7%) дейін бәсеңдеді (1-кесте).

Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция 5,1%-ға дейін баяулады (6,5%). Аннуализацияланған мәнде көрсеткіш 6,5%-ға дейін баяулады (2024 жылғы ақпанда – 11,9%). Маусымдық факторларды есепке алмағанда, көкөніс, майлар, электр құрылғылары, кешенді демалыс ұйымдастыру, сақтандыру бағасының төмендегені байқалады. Коммуналдық және амбулатория қызметі, байланыс және көлік қызметінің кейбір түрлерінің маусымдық факторлар ескерілмегендегі бағасы баяу өсе бастады.

2024 жылғы сәуірде себеттегі тауар мен қызметтің көбісінің маусымдық факторлар ескерілмеген аннуализацияланған бағасының өсімі межелі көрсеткіштен асып түсті (2-кесте).

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-кесте. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Әртүрлі әдістермен¹ есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның орташа бағасы баяулады және ай сайынғы мәнде 0,4% болды (0,5%),

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз

аннуализацияланған мәнде – 5,2% (6,3%). Бұл инфляцияның тұрақты бөлігінде баға өсімі баяулағанын білдіруі мүмкін (3-кесте).


3-кесте. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы сәуірде **азық-түлік бағасының өсімі жылдық мәнде 6,3%-ға дейін** баяулады (наурызда – 6,9% ж/ж). Бұл үрдіс сүт өнімдері, нан-тоқаш өнімдері мен жармалар, ет және ет өнімдері, сонымен қатар көкөніс дезинфляциясы нәтижесінде байқалды. Осы тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына қосқан жиынтық үлесі 4,3 п.т. болды (4-кесте).

4-кесте. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы сәуірде азық-түлік бағасының айлық өсімі 0,3%-ға дейін баяулады (2004 жылғы наурызда – 0,6%). Нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының, сондай-ақ жеміс-жидек пен көкөніс, май бағасының өсу қарқынының баяулауы инфляцияның азық-түлік компонентіндегі көрсеткіштің төмендеуіне ықпал етті.

базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентилі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.


Ұн-жарма өнімдерін өндірушілер бағасының төмендеуі аясында (2024 жылғы сәуірде 0,4%-ға) ұн бағасының өсімі 0,6%-ға дейін баяулады. Сонымен қатар, бір айда вермишель (-1,6%) мен макарон өнімдерінің (-0,1%) дефляциясы байқалды. Жарма өнімдерінің арасында 0,4%-ға қымбаттаған ұнтақ жармасынан басқа жарманың барлық түрінің бағасы түскені байқалады. Сонымен қатар, қарақұмықтың біршама қоры жиналғанына, қарақұмық өндірушілердің бағасы арзандағанына (2024 жылдың басынан бері 1,3%-ға) байланысты қарақұмық жармасының бағасы жылдық мәнде (24,4%) төмендеді.

2024 жылғы сәуірде күнбағыс майын өндірушілер бағасының төмендеуі (16,8% ж/ж) аясында айлық (2,9%-ға) және жылдық (24,9%-ға) мәндерде күнбағыс майының бағасы төмендей түсті. 2024 жылғы сәуірде жаңа піскен көкөністердің бағасы төмендеді (3,3% а/а), атап айтқанда 2024 жылғы сәуірде қияр мен қызанақ өндірушілердің бағасы 7,6% және 1,3%-ға төмендеуіне байланысты қияр (16,3% а/а) және қызанақ (4,3% а/а) арзандады. Сондай-ақ, ұсыныстың ұлғаюы, сату мен сақтаудағы қиындықтарға байланысты пияз бағасының айлық мәнде 10%-ға (51,1% ж/ж) төмендегені байқалады. Сонымен қатар, 2024 жылғы сәуірде пияз өндірушілердің бағасы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 3%-ға төмендеді. 2024 жылғы сәуірде өндірушілер бағасының төмендеуі аясында жұмыртқа бағасының (3,2% м/м) төмендегені байқалды (6,3% м/м).



2024 жылғы сәуірде азық-түлік бағасының өсуіне қант бағасының (3,7% а/а) қымбаттауы айтарлықтай әсер етті. Бұл ақпаннан бері қант өндірушілердің бағасы өскеніне байланысты болды (3 айдағы жалпы өсім – 9,2%).

2024 жылғы сәуірде өсімдік майынан басқа барлық негізгі азық-түліктің ішкі бағасы сыртқы бағадан тағы да асып түсті. Азық-түліктің әлемдік және ішкі бағаларында көп бағытты серпін байқалады. Сонымен қатар, 2024 жылғы сәуірде теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбас бағамының нығаюы теңгеде көрсетілген сыртқы бағалардың төмендеуіне немесе баяу өсуіне ықпал етті (5-кесте).

5-кесте. Кей азық-түлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы², теңгемен, 2019 жел. = 100



² Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергендегі 2019 жылғы желтоқсаннан бергі (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы сәуірде астықтың әлемдік бағасы Ресейдегі қолайсыз күн райына байланысты а/а 0,3%-ға өсті (ж/ж 18,3% төмендеді). Украинадағы инфрақұрылымның зақымдануы нәтижесінде жүгері бағасының а/а 2,7% өскені байқалды (ж/ж 29,7% төмендеді). Сонымен қатар, күріш бағасы ірі өндіруші елдерде (Үндістан, Таиланд) егін жинау науқанының басталуына байланысты а/а 1,8% (ж/ж 23%) төмендеді. 2024 жылғы сәуірде нан-тоқаш өнімдері мен жармалардың ішкі бағасы өскеніне қарамастан, дәнді дақылдардың ішкі және сыртқы бағасындағы дифференциал кеңейді. Бұл теңгедегі дәнді дақылдардың әлемдік бағасының төмендеуіне байланысты болды.

2024 жылғы сәуірде әлемдік қант бағасының а/а 4,4%-ға төмендеуі (ж/ж 14,7%) Үндістан мен Таиландтың қант өнімділігіне байланысты болжамын қайта қарауына байланысты болды. Сонымен қатар, 2024 жылғы сәуірде Бразилиядағы ұзақ құрғақшылықтан кейін жауын-шашынның мол түсуі егін жинау маусымының нәтижесіне қатысты үмітті жақсартты және бағаны түсірді. Қазақстанда қанттың қымбаттауы және әлемдік бағаның төмендеуі жағдайында 2024 жылғы сәуірде қанттың ішкі және сыртқы бағасының дифференциалы одан ары кеңейді.


Ет бағасының әлем бойынша өсуі үшінші ай қатарынан жалғасты. 2024 жылғы сәуірде жетекші импорттаушы елдерден сұраныстың өсуіне байланысты еттің әлемдік бағасы 1,6%-ға (а/а) өсті (ж/ж 0,4%-ға төмендеді). Ет бойынша баға дифференциалы 2024 жылғы сәуірде әлемдік бағаның қарқынды өсімі жағдайында қысқарды.

2024 жылғы сәуірде өсімдік майының әлемдік және ішкі бағалары бойынша баға дифференциалы нөлге жақындады. Жетекші импорттаушы елдерден сұраныстың артуы аясында күнбағыс және рапс майларының қымбаттауы нәтижесінде әлемдік баға а/а 0,3%-ға (0,7% ж/ж) өсті.

Азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсімі ары қарай баяулап, 2024 жылғы сәуірде 7,6% болды (2024 жылғы наурызда – 8,2%). Тауарлар құрылымында жанар-жағармай материалдары бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады. Бұл жоғары база есептеулерінен шығуға байланысты байқалады. Электр құрылғылары мен автокөлік нарығындағы дезинфляциялық процестер теңгенің номиналды бағамының оң әсеріне байланысты болды (6-кесте).

Азық-түлік емес тауарлар бағасының айлық өсімі 0,7%-ға (0,5%) дейін жеделдеді. 2024 жылғы сәуірде инфляцияның азық-түлікке жатпайтын тауарлар компонентіндегі көрсеткіші төмендеуіне жиһаз бен тұрмысқа қажетті тауарлар бағасының баяу өсімі (0,3% өсім), сондай-ақ тұрмыстық техника (1,6%-ға а/а төмендеді) мен автокөлік бағасының төмендегені (2,1%-ға а/а төмендеді) әсер етті.

6-кесте. Тауарлардың азық-түлік емес жылдық инфляциядағы үлесі, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы сәуірде ақылы қызмет бағасы 13,5%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы наурызда – 13,2%). Бағаның бір айдағы өсімі 0,7%-ға (1,1%) дейін баяулады (7-кесте).

Ақылы қызмет ішінде 2024 жылғы сәуірде қонақ үй, аурухана және қоғамды тамақтандыру, киім тазарту және жөндеу бағасының бір айдағы өсімі баяулады. Сондай-ақ, кешенді демалыс қызметінің құны 12,9%-ға, сақтандыру құны 1%-ға төмендеді.

Демалыс, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызметтер (2% а/а), шаштараз қызметі (1,5% а/а), амбулатория қызметі (1,4% а/а) құнының қымбаттағаны байқалады.


7-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы сәуірде реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметі (ТКҚ) бағасының айлық өсу қарқыны 1,1%-ға дейін баяулады (2024 жылғы наурызда – 3,8%). Бір айда электр қуаты тарифі 2,3%-ға, су бұру 1,1%-ға, салқын су 0,3%-ға, жылу 0,2%-ға, ыстық су бағасы 0,1%-ға өсті. Газбен жабдықтау құны өзгерген жоқ (8-кесте).

8-кесте. Өңірлер бойынша реттелетін ТКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-сәуір, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы сәуірде өңдеу өнеркәсібіндегі өндіруші кәсіпорындардың бағасы 2023 жылғы шілдеден бастап алғаш рет өсті.

Ауыл шаруашылығындағы өндірушілер бағасының төмендеуі жылдық мәнде баяулады, бұған мал шаруашылығы өнімдерінің қымбаттауы және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің бір айдағы баға өсімі әсер етті.


Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы 2024 жылғы сәуірде отын-энергетика және күрделі тауарлар бағасының өсуі нәтижесінде ж/ж 0,5%-ға өсті. Сонымен қатар, өнеркәсіп қызметтері мен қысқа мерзімде пайдаланылатын тауарлар бағасының өсуі жалғасты (9-кесте).

9-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

10-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %



2024 жылғы сәуірде азық-түлік өндірушілер бағасы жылдық мәнде 0,8%-ға төмендеді (2024 жылғы наурызда 2,7%-ға төмендеді). Майлар, дайын жемшөп өндірушілердің бағасы төмендегені байқалады. Сонымен қатар, ет өнімдерін, нан-тоқаш және макарон өнімдерін өндірушілердің бағасы өсті. Сүт бағасының өсімі баяулады. Сондай-ақ, сусын өндірушілердің бағасы ары қарай өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында компьютерлер, электронды және оптикалық құрылғылар, минералды өнімдер, негізгі дәрі-дәрмек өндірушілердің бағасы өсті. Машиналар мен жабдықтар, тоқыма бұйымдары, қағаз өндірісінде бағаның төмендегені байқалады.

2024 жылғы сәуірде ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің бағасы ж/ж 2,0%-ға төмендеді (2024 жылғы наурызда – ж/ж 3,1%-ға төмендеді) (10-кесте). Көпжылдық дақылдардың (жаңа піскен жүзім, жеміс-жидек) бағасында өсім байқалады. Бидай бағасының төмендеуі баяулап, жүгері, майлы дақылдар, кептірілген бұршақ дақылдары және жемшөп дақылдарының бағасы төмендеді.

Мал мен құс бағасының өсімі жалғасқанына байланысты мал шаруашылығында баға қымбаттағаны байқалады. Жұмыртқа мен шикі сүт өндірушілер бағасының жылдық өсу қарқыны 7,1% және 1,9%-ға дейін баяулады. Табиғи бал бағасы 18,7%-ға өсті.